

Жоғары дәрежелі кездесу

Қазақстан Республикасына келген сапарында Ислам ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Ияд бен Амин Мадани әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да болды.

Университет оқытушылары мен студенттеріне арналған дәрісінде Ияд бен Амин Мадани мырза Ислам ынтымақтастық ұйымының құрылу тарихы, дамуы мен қызметінің негізгі бағыттары жайлы айтты.

Мадани мырза ұйымның 1,5 млрд.-қа жуық адам тұратын елді мекендері бар елуден астам елді біріктіретінін және әлеуметтік, экономикалық, саясат пен мәдениет саласындағы ислами ынтымақтастықты қамтамасыз етуді мақсат ететіндігін айта келе, ИЫҰ-ның мұсылман елдері арасындағы ең ірі мемлекетаралық ұйым екендігін атап өтті.

Оның айтуынша, ұйым 1,5 млрд.-қа жуық адам тұратын елді мекендері бар елуден астам елді біріктіреді және әлеуметтік, экономикалық, саясат пен мәдениет салаларындағы ислами ынтымақтастықты қамтамасыз етуді мақсат етеді.

«Бүгінгі таңда Ислам әлемі мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық белсенді қарқын алуда. Сіздердің Елбасыларыңыздың исламдық қаржыландыруды аймақтық және халықаралық деңгейде дамытуға қосқан үлесі айқын. Сондықтан, Нұрсұлтан Назарбаевқа берілген «Исламдық қаржы жөніндегі жаһандық көшбасшы» сыйлығы – оның қызметіне берілген лайықты марапат және басқа көшбасшыларға үлгі деп білемін», – деп құрметті қонақ өз пікірін білдірді. Сондай-ақ, Мадани мырза Н. Назарбаев бастамалары арқасында Ислам ынтымақтастық ұйымының Қазақстан базасында азық-түлік қауіпсіздігінің аймақтық орталығын құру бойынша жұмыс істеп жатқандығын жеткізді.



Шара барысында ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов кездесудің университет үшін ғана емес, еліміз үшін де үлкен тарихи маңызы бар және Ислам әлемімен қарым-қатынас ҚР сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі болып табылатындығын сөз ете келіп: «ҚазҰУ еліміздің жетекші университеті ретінде ислам әлемі ЖОО-ларымен ынтымақтастықты дамытуға және кеңейтуге мүдделі,

сонымен қатар, мұсылман әлеміндегі ахуалды жіті қадағалап отырады. Бұл, біздің шығыстанушы елшілерді дайындайтын негізгі оқу орны болғандықтан ғана емес, сондай-ақ, біздің барша мұсылман әлемімен рухани және мәдени жақындықты сезінетін болғандығымыздан», – деді Ғалым Мұтанов.

Жалғасы 2-бетте

МАҢЫЗДЫ КЕҢЕС

Кезекті ректорат отырысында жұмыс берушілердің әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға беретін бағасы мен академиялық беделді арттыру жөніндегі жол картасы кеңінен талқыланды. Бірінші проректор Мұхамбетқали Бүркітбаев жасаған хабарламада әлем университеттері рейтингісіндегі университет бағасына ықпал ететін бұл бағыттардың маңыздылығы баса айтылды.

Жалғасы 2-бетте

БАС РЕДАКТОРЛАР БАС ҚОСТЫ

Өткен аптада университетіміздің әл-Фараби Ғылыми кітапханасының мәжіліс залында «Қазақстан журналистикасының бүгіні мен болашағы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференция Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің және Бас редакторлар клубының қолдауымен және журналистика факультетінің ұйымдастыруымен өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты: еліміздің беделді де белді бұқаралық ақпарат құралдары басшыларын, жетекші өкілдерін, белгілі ғалым-ұстаздардың басын қосып, журналистиканың заманауи талаптарға сай дамуы мен модернизациялану мәселелерін талқылау болатын.

Конференцияны оның модераторы болып белгіленген Жетінші арна Директорлар Кеңесінің төрайымы, БАҚ саласындағы ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Бас редакторлар клубының президенті Бибігүл Жексенбай жүргізіп отырды.

Аталған шараға «Қазақ газеттері» ЖШС-нің бас директоры, редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин, «Түркістан» газетінің бас редакторы Шәмшиддин Паттеев, «Жас қазақ» газетінің бас редакторы Сраил Смайыл, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Жұмабай Шаштайұлы, «Алаш айнасы» газетінің бас редакторы Серік Жанболат, «Вечерняя Алматы» газетінің бас редакторы Николай Жоров, «Президент және Халық» республикалық қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы Марат Тоқашбаев,

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**ПЕРВЫЙ В СТРАНЕ
ЭНДАУМЕНТ-ФОНД**



3-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**ЖАЛЫН-ЖАСТЫҚ!
АТЫҢ ШАРЛАП ӘЛЕМДІ,
ШАРЫҚТАСЫН,
ТАБА БЕРСІН ЖАЛҒАСЫН!**



8-бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

Жоғары дәрежелі кездесу

ЖОО жетекшісі Мадани мырзаға университеттің ғылыми-білім беру және инновациялық қызметі, зерттеу университетіне айналу жолы, табыстары мен жетістіктері жайлы айтып берді. Дәлірек айтқанда, ол бүгінгі таңда Таяу Шығыс елдерінің оқу орындарымен ынтымақтастық орнату бойынша университетте ауқымды жұмыс жүріп жатқандығын, ғылым мен білім беру саласында ынтымақтастық орнату жөніндегі келісімшарт Иорданияның жоғары оқу орындарымен де жасалып, солардың бірінде «Әл-Фараби» орталығы ашылғанын, мұндай орталықты жақын арада Түркияда ашу жоспарланып отырғандығын тілге тиек етті. Сонымен қатар, 2015 жылы сәуір айында – «Алматы – ислам әлемінің орталығы» жылы аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Біріккен Араб Әмірліктерінің АУРАК университетімен бірге «Қазақ-араб тарихи-мәдени байланыстары: бастауы, қазіргі заман және мүмкіндіктері» атты

ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізуді жоспарлап отырғанын айтып өтті.

Исламдық даму банкімен жасалған келісімге сәйкес, Алматы исламдық қаржыландырудың Орталық Азиядағы аймақтық хабы болмақ. ЖОО сонымен бірге академиялық алмасу, докторанттарды даярлау бағытында Түркияның, Малайзияның жетекші университеттерімен белсенді қарым-қатынас орнатқан. ҚазҰУ шығыстанушылары Египеттің, Иранның мәдениет орталықтарымен тығыз жұмыс істейді және Ауғанстанды қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаға сай, университет жыл сайын 200 ауғандық студентті қабылдауда.

Кездесу соңында білім беру мен ғылымға қосқан ерекше үлесі үшін Ияд бен Амин Мадани мырзаға «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағы берілді.

Өз тілшімізден

Жалғасы. Басы 1-бетте

БАС РЕДАКТОРЛАР БАС ҚОСТЫ



«Abai.kz» ақпараттық порталының жетекшісі, танымал журналист Дәурен Қуат, «Экономика» газетінің бас редакторы Акас Тәжуітов, «Қазақ радиосы» Алматы студиясының бас редакторы Мұрат Мұқаш және т.б қатысып, ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды.

Басқосу ректор Ғалым Мұтанұлының алғы сөзімен ашылды. Ғалым Мұтанұлы өз сөзінде: «Бүгінде жаһандық деңгейде орын алып отырған баспа және электронды БАҚ-тың бәсекелестігі ұлттық бұқаралық медиа саласын да шарпып отырғаны рас. Бұл заңды құбылыс. Осынау электронды үрдістердің жылдам дамып отырған кезеңінде қазақстандық бұқаралық ақпарат саласының мәселелері, дамуы, болашағы академиялық ортада талқылануы, зерттелуі қажеттігін баса айтқым келеді. Сондықтан, интеллектуалды құндылықтарды қалыптастыратын ғылыми журналистиканың, коммуникация туралы ғылымның мәртебесі артуы қажет. Бұл сондай-ақ, жоғары мектепке жаңа медиа-технологияны еркін меңгерген болашақтың журналистерін дайындауды талап етеді», – деді. Сонымен қатар: «Осы орайда

Бас редакторлар клубы мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықтың аясында бірлескен жобалар жүзеге асады, үлкен болашағы болады деп күтілуде», – деп ойын сабақтады.

Жалпы конференцияда барлық қатысушылар, оқытушы-профессорлар бүгінгі журналистиканың дамуы мен болашағы, бұқаралық коммуникация арналарының мәселелерін кеңінен талқылап, шешуші жолдарын ұсынды. Бірлескен ауқымды жобалар аясында студенттердің шығармашылық жұмыстарын тікелей өндіріспен байланыстырудың оңтайлы жолдары ұсынылды.

Қорыта айтқанда, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары мен өкілдерінің қара шаңырақта бас қосып, келелі де салиқалы мәселелерді талқылауы болашаққа жасалған игі қадамдар деуімізге болады.

Әйгерім ӘЛІМЖАН,
баспасөз және электронды
БАҚ кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары,
аға оқытушы

Жалғасы. Басы 1-бетте

РЕКТОРАТ

МАҢЫЗДЫ КЕҢЕС

QS WUR-2014 қорытындыларына сүйенсек, академиялық ықпал мен жұмыс берушілер бағасы бойынша ҚазҰУ көрсеткіші соңғы жылдары өсу үстінде. Академиялық бедел әлемдік рейтингте 40 пайызға, жұмыс берушілер бағасы 20 пайыздық салмаққа ие болғандықтан, оны арттырудың жолдарын қарастырып, жүзеге асыру бүгінгі таңда университет үшін аса өзекті.

Өз хабарламасында Мұхамбетқали Мырзабайұлы бұл бағытта әлемдік рейтингтің ғылым салаларын басшылыққа алатынын атап өтті. Дәлірек айтсақ, әлем университеттері рейтингінде ғылым салалары 5 топқа бөлініп қарастырылады. Олар: гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, нақты ғылымдар, инжиниринг және технология және өмір мен медицина туралы ғылым. Сонымен қатар, олардың өз ішінде 30 пәнге бөлінетінін айта кеткен жөн. Жиын барысында ректор Ғалым Мұтанұлы әлемдік университеттер рейтингінде

жоғарыдан көріну міндеті алда тұрғанын тілге тиек ете отырып, нақты жоспар бойынша жұмыс істеу керектігін айтты. Ректорат отырыстарында көтеріліп отырған халықаралық рейтингідегі университет үшін маңызды 3 бағыт – шетелдік оқытушыларды тарту, шетелдік студенттердің санын арттыру және жұмыс берушілер бағасы мен академиялық ықпалдылықты арттыру жөніндегі жол картасын жүзеге асыруды әрбір кафедра мен факультеттерге тапсырды.

Сондай-ақ, ректорат отырысында ҚазҰУ-дың қауіпсіздік қызметі жұмысының тиімділігі туралы Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызының, университеттің мемлекеттік бақылау процедурасынан өтуге дайындығы туралы Оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Жұмақанұлының ақпарлары тыңдалып, күн тәртібіндегі өзге де мәселелер қаралды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

ПЕРВЫЙ В СТРАНЕ ЭНДАУМЕНТ-ФОНД

Главным из показателей, определяющим бренд отечественного образования является высокая востребованность выпускников вузов. Со дня своего создания Ассоциация выпускников КазНУ им. аль-Фараби объединяет интеллектуальный, творческий и деловой потенциал выпускников для активного сотрудничества в образовательной, научной и инновационной деятельности вуза, формировании современной корпоративной культуры. Ассоциацией впервые в Казахстане создан эндаумент-фонд университета и в его формировании деятельное участие принимают выпускники.

С предложением внести весомый вклад в развитие университета обратился выпускник химического факультета КазНУ 1976 года, Генеральный директор Национального Центра по комплексному использованию минерального сырья РК, академик НАН РК, лауреат Государственной премии в области науки, техники и образования, лауреат премий «Тарлан» им. Е. Букетова и У. Джолдасбекова, заслуженный изобретатель РК Абдурасул Жарменов.

В ходе встречи с преподавателями и студентами вуза, целью которой явилась демонстрация профессиональной успешности выпускника, его личного интеллектуального и материального вклада в развитие науки и инновационной экономики страны, академик А.Жарменов рассказал о своих интересных студенческих годах и научной деятельности, ответил на интересующие вопросы аудитории.

На встрече теплые слова в адрес гостя выразили научный руководитель дипломной работы А.Жарменова доцент Ирен Мулдағалиева и его сокурсники. Они подчеркивали такие черты характера Абдурасула Алдашевича, как скромность, деликатность, интеллигентность, огромное трудолюбие, жажда знаний, преданность науке со студенческих лет, щедрость.

Также А.Жарменов рассказал о работе своего центра. Возглавив в 1999 году Национальный центр по комплексному использованию минерального сырья РК и четко понимая необходимость кардинальных изменений в сфере управления наукой, адаптации науки к рыночным условиям, переосмысление ее роли в государстве и обществе, А.Жарменов направляет Центр на инновационный путь развития посредством разработки современных проектов и создания на их основе малых и средних производств по выпуску новой для казахстанского, а иногда и мирового рынка, продукции.

Главным акцентом встречи стало подписание Договора между академиком А.Жарменовым и Ассоциацией выпускников КазНУ, согласно которому выпускник вносит в эндаумент-фонд вуза 1% от суммы, получаемый им в виде роялти по патенту «Сплав «Казахстанский», на весь срок действия охранного документа. В свою очередь это дает ученому привилегированное право выступить наряду с Ассоциацией выпускников учредителем фонда развития своей альма-матер.

Член Ассоциации выпускников КазНУ, известный юрист-практик Амирхан Естаев, отметил, что подписание этого документа имеет историческое значение не только для КазНУ, но и для всей системы высшего образования страны, поскольку это не одноразовое вливание средств, а долговременная стратегия финансового обеспечения фонда по мировому опыту. По его мнению, необходима разработка соответствующей правовой базы, с внесением изменений и дополнений в Налоговый, Гражданский Кодексы РК и другие законы.

Целью использования дохода эндаумент-фонда является всемерное содействие развитию КазНУ как университета, имеющий особый статус,

международного центра образования, науки и культуры, повышению роли, статуса и рейтинга КазНУ на международном образовательном пространстве, открытию новых горизонтов в инновационной научно-образовательной деятельности на базе КазНУ, распространению ценностной университетского образования в обществе, осуществлению поддержки ученых, преподавателей и студентов.

Если в США и Европе история эндаумент-фондов насчитывает более 500 лет, в их числе Гарвардский, Кембриджский, Нобелевский и другие фонды, в России – 7 лет, то в нашей республике только зарождается. «Впервые идея о создании фонда целевого капитала неоднократно с 2010 г. была поднята ректором КазНУ, академиком Галымом Мутановым на заседаниях ректората и Ученого Совета КазНУ, оглашена им в мае текущего года в Парламенте РК. Также об этом Ассоциация выпускников официально объявила в СМИ и в Интернет-ресурсах. Идея была поддержана и Кайратом Маами – председателем Ассоциации на форуме выпускников КазНУ», – подчеркнул Амирхан Естаев.

Также А.Жарменовым в дар университету были переданы несколько экземпляров 10-томной монографии «Комплексная переработка минерального сырья Казахстана».

В свою очередь ректор КазНУ, академик Галым Мутанов поблагодарил Абдурасула Жарменова за встречу и решением Ученого совета КазНУ за выдающиеся заслуги в научной, образовательной, общественной и международной деятельности наградив гостя юбилейной медалью к 80-летию КазНУ им. аль-Фараби, а также вручил ему сертификат мецената, второй том книги «Наша элита» и издания «Лауреаты Государственной премии» о выдающихся выпускниках университета.

В ходе встречи А.Жарменов также посетил Центр обслуживания студентов «Керемет» и уникальную Научную библиотеку с музеем Аль-Фараби, не имеющих аналогов в Центральной Азии; новый корпус факультета химии и химической технологии, оснащенный по последнему слову науки и техники, а также интернет-центр КазНУ, оборудованный при содействии мецената выпускника биологического факультета Нурлана Смагулова.

За значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие государства А.Жарменов был награжден орденом «Күрмет», его выдающиеся достижения в области науки были отмечены наградами знаками «Изобретатель СССР», «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан», юбилейными медалями «10 жыл Астана», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», Золотой медалью КазНАЕН им. Первого Президента Республики Казахстан. Теперь имя Абдурасула Алдашевича Жарменова золотыми буквами вписана в историю КазНУ имени аль-Фараби.

Құлғазира БАЛТАБАЕВА,
член Ассоциации выпускников КазНУ

В рамках визита в РК Генеральный секретарь Организации Исламского Содружества Ияд бен Амин Мадани выступил с лекцией в КазНУ

Зейнолла Қабдолов

Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан және Қырғызстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының ғылымдарына еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығының иегері, профессор Зейнолла Қабдоловтың 1927 жылғы 12 желтоқсанда Атырау облысында дүниеге келгені.

1945 жылдың жазында З. Қабдолов инженер болмақ мақсатпен Алматыдағы Тау-кен институтына түседі. Алайда, оны бала күннен баурап алған сөз өнері — көркем әдебиет «құпиялары» қатты қызықтырғандықтан, Қазак университетіне барып, профессор М. Әуезовтің лекцияларын өз бетімен тыңдап жүреді. Сол жылдың аяғына қарай ұлы жазушының кеңесімен біржола университетке ауысып, филология факультетінің толық курсына 1950 жылы үздік дипломмен бітіріп шығады да, осынау әйгілі білім ордасының өзінде ұстаздық қызметке қалдырылады.

Зейнолла Қабдоловтың әдеби адымдары мектеп қабырғасында басталады да, университеттегі студенттік жылдарға ұласады. Университеттің үшінші курсына жазған «Абайдың лирикасы» атты зерттеуі жас ғалымдардың бүкілодақтық ғылыми конкурсында бөйге алып, автор КСРО Жоғары білім министрлігінің Мақтау грамотасымен марапатталған.

1947 жылы З. Қабдолов дарынды жас әдебиетші ретінде КСРО Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылданды.

Елуінші жылдардың алғашқы жартысында З. Қабдолов әдеби сын саласында (юмор мен сатира, ұнамды кейіпкер, көркем әңгіме, т.б. тақырыптарға) бірсыпыра мақалалар жазды. Орта мектептің 9 және 10 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарын жазуға қатысты. Үлкен Кеңес энциклопедиясында көне дәуірден осы кезге дейінгі қазақ әдебиетінің

тарихы жайлы көлемді әрі тартымды мақала жариялады. А. Пушкин мен Н. Гогольдің «Күн перзенттері», Н. Хикметтің «Елеусіз қалған есіл ер» сияқты классикалық пьесалары да республикалық, облыстық театрларда З. Қабдоловтың аудармасымен қойылды.

Зейнолла Қабдоловтың шығармашылық жолына көз салсақ, оның көркем шығармаларындағы басты тақырып — біздің заман шындығы, басты кейіпкер — біздің замандас бейнесі екенін көреміз.

З. Қабдоловтың есімін оқушы қауымға кең танытқан шығарма «Өмір ұшқыны» (1956) повесі. Повестің қаһармандары негізінен жастар, университет шәкірттері.

Табиғи, таза, суретті, нәрлі тіл автордың жазу мәнәрін, машығын өзінен басқа ешбір қаламгерге ұқсатпай, бірден даралай беретін жаңа нұсқалы стиль, адамдардың арақатынасына шуақты шырай беретін жып-жылы юмор, күллі шығарманың өз бойында желі тартып отырған сұлу лиризм... осының бәрі З. Қабдоловтың қаламгер ретіндегі дара сипатын анық танытты. Повесть 1958 жылы орыс тілінде Москвада шығып, Одақ оқушыларына танымал болды.

1963 жылы «Жұлдыз» журналында (№7-11) жарияланған «Жалын» романы кейін қазақша (1970, 1974, 1983), орысша (1971, 1976, 1982) және вьетнам тілінде (1980) жеке кітап болып шықты. Бұл кітап «Ұшқынның» шынында да «Жалынға» айналуы іспетті еді. Жұмысшы табы жөніндегі санаулы сәтті шығармалар қатарында



бүкілодақтық жұлде алған бұл роман — біздің замандастар жайлы, көкірегі құштарлық отына толы ой мен еңбек адамдары туралы туынды; қарт жұмысшы Сардардан жас мұнайшы Қабенге, яки ұрпақтан ұрпаққа мұра, мирас боп ауысқан ерлік эстафетасы туралы толғау.

Кемелгер Мұхтар Әуезовтің жүз жылдығына арнап жазып, бастырып шығарған тамаша туындысы — «Менің Әуезовім» атты роман-эссесі қосылып, академик-жазушының әдеби шығармашылығы байыған үстіне байи түсті.

Зейнолла Қабдолов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде табан аудармастан жарты ғасырдан аса ассистент (1950-1952), аға оқытушы (1952-1962), доцент (1962-1972), профессор (1972-1975), кафедра менгерушісі болып (1975 жылдан 2000 жылға дейін) үздіксіз қызмет етті. Мыңдаған маман филологтар мен журналистер, тарихшылар мен философтар, жүзеге асырылған кандидаттар

мен докторларын тәрбиелеп шығарды.

З. Қабдолов аса нәтижелі, жемісті жазушылық, ғалымдық, ұстаздық еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құрмет Грамотасымен, «Халықтар достығы», «Құрмет Белгісі», «Парасат» ордендерімен, көптеген медальдармен наградталды; ВЦСПС пен КСРО Жазушылар Одағы сыйлығының және Ғылым Академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты атанды.

2007 жылы ұзақ жылдар бойы өзі ұстаздық еткен филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің бір дәрісханасына Зейнолла Қабдоловтың есімі берілді.

Гүлмира ҚАЗЫБЕК,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультеті деканының орынбасары

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халық даналығы текке айтылмаса керек. Ұстаз шәкірттері үшін қашанда саялы терек, миуалы бақ сияқты. Мен 1995 жылы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінің математика мамандығына студент болып қабылдандым. Сол кезден бастап физика және математика ғылымдарының докторы, профессор Серікжан Ағыбайұлы Бадаевтан сабақ алдым.

РУХАНИ СӘУЛЕТКЕР

Ұстаздық-ұлы қызмет. Оның еңбегі мен парасаты әрқашан шәкірттерінің жүрегінде жатталары сөзсіз. Қоғам үшін аса қажет мамандық иелерінің еңбегін ештеңемен өлшеуге келмейді. ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебі, менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті Тұмбай Орманбекұлы Жұмабектің ұстаздық пайымы мен тағылымына қарап оның біз секілді қаншама шәкіртке рухани күш, ғылыми ізденіс беріп, білім дариясына үлкен жол салғанын көреміз.

Өнегелі ұстаздың өмірін айтпай өту де мүмкін емес. Тәрбие мен білімді қатар ұштастырып, ұлт болашағын білімді маманмен байытуды мақсат санайтын ағаның біздің өмірде алар орны ерекше.

Тұмбай Орманбекұлы 1966 жылы орта мектепті аяқтаған соң Алматы халық шаруашылығы институтына түседі. Алған білімін одан әрі жетілдіру мақсатында 1973 жылы Алматы халық шаруашылық институтының күндізгі бөлімінің аспирантурасына түседі. 1981 жылы Алматы халық шаруашылық институтының диссертациялық кеңесінде «Ауыл шаруашылығында өндірістік негізгі қорлардың экономикалық тиімділігін арттыру жолдары» атты тақырыбына орындалған диссертацияны сәтті қорғап, экономика ғылымдардың кандидаты деген ғылыми дәрежеге ие болды. Ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты — мемлекеттік жоспарлауды жетілдірудің өзекті мәселелері.

Осы институтта (қазіргі атауы Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті) қатардағы оқытушыдан кафедра менгерушісі қызметіне дейін көтерілді. Ал, 1996 жылы Д.А. Қонаев атындағы университетке оқу ісі бойынша проректорлық қызметке шақырылды.

Еңбектің құны төккен тер мен еткен еңбектің машақатымен келетіні белгілі. Жоғарғы білімге сіңірген еңбегі үшін 2000 жылы Білім және ғылым министрлігі тарапынан «Қазақстан Республикасының Білім озаты», 2009 жылы жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынсарин» және «Қазақ ұлттық университетіне 75 жыл» атты төсбелгілерімен марапатталған. 1990 жылдан ЖАК-тың доценті. Сексеннен астам ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектер жариялады, оның ішінде оқу құралдарын айрықша айтуымызға болады.

2001 жылдан бастап осы күнге дейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қызметте. 2003-2007 жылдар аралығында осы университеттің



халықаралық қатынастар факультетінде әлемдік экономика кафедрасының менгерушісі болып қызмет атқарды. Бүгінде Экономика және бизнес жоғары мектебі, менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті қызметінде.

Дәрістері терең ізденіске толы ағамыздың келтірген мысалдары мен айтқан ойлары біз сияқты шәкірттерінің жүрегінде ешқашан өшпейді. Білімі де, өмірі де өнеге ұстазымыздың алдынан әлі талай білікті экономист маманның түлеп ұшып шығары сөзсіз. Ұстаз еңбегін біз әрқашан мактан етеміз! Еңбегіміз жемісті болсын, ұлағатты ұстаз, камқоршы аға!

Айдана СЫДЫҚОВА,
экономика және бизнес жоғары мектебінің
1-курс магистранты

МЕНІҢ ҰСТАЗЫМ

Оның сабақ беру әдісі мені ерекше тәнті қылды. Сабақ сайын кездесетін тың түсіндіру, тапсырма беру жақтарындағы шеберлігімен жоғарғы деңгейі бөлекше. Шәкірттеріне катал талап қоюмен бірге олардың психикаларын толық менгерді. Студенттерінің көңіл-күйлерін, жағдайларын, қиындықтарын ұғысып тұратын. 1996 жылы өкөм өмірден озған кезде мен сабақтан бас тартып, тіпті, оқудан шыққым да келген. Сол бір қиын кезеңде ағай маған басу айтып, менің оқуға деген құштарлығымды бір сәт те босаңсытпауға және өмірде қандай қиындық болса да, оған төзе білу керектігін түсіндірді. Дәл сол уақыттан бастап Серікжан Ағыбайұлы менің екінші өкөмдей болды десем де болады. Үшінші курстан бастап осы ағайдан ғылыми тақырып алып жұмыс істей бастадым. Ағай шәкірттерінің ғылыми жұмыстарына әрқашан жоғары талап қояды. Қаталдық пен мейірім, қузау мен ынғталандыру оған тән ерекшелік еді. Сөйтіп, 2006 жылы «Ершов иерархиясындағы есептелімділік» атты кандидаттық диссертацияны ақыры сәтті қорғадым.



«информациялық жүйелер», «механика» мамандықтарында жүргізілетін «Сызықтық алгебра және аналитикалық геометрия» міндетті пәні бойынша бірнеше сапалы оқулықтарды баспадан шығарды. 2006, 2007 және 2011 жылдары Серікжан Ағыбайұлы Қазақстан республикасының «Жоғары оқу орындарының үздік оқытушысы» гранттарының иегері атанды. Қазіргі таңда ол 2 физика-математика ғылымдарының кандидатын және 2 PhД докторын дайындады. Оның ішіндегі бір кандидаты Францияда, ал бір PhД докторы Германияда диссертацияларын қорғады. Тағы 2 PhД докторантының диссертацияларын қорғауға дайын.

Серікжан Ағыбайұлы шәкірттеріне шексіз камқорлық жасайды. Тұрмыстық мәселелерден қиналып жүрген шәкірттерін ғылыммен айналыспай қалмасын деп, өзінің оқушыларына бір амалын тауып көмектесуге тырысады. Ағай әрқашан жастардың жалықпай ғылыммен айналысулары және оларға жағдай жасау керектігін айтып жүреді. Серікжан Ағыбайұлы шәкірттері үшін ұлағатты ұстаз болып танылады. Осындай ұстазым барына мактанамын. Әрі осы ұстазымның ұлағатты жолын қуып, ғылымның кара шаңырағында жас ұстаз болғаным өзімді бақытты санаймын!

Жұлдыз ТАЛАСБАЕВА,
іргелі математика кафедрасының
аға оқытушысы

Ертең ҚазҰУ-да адамзат болашағын талқылайтын халықаралық конференция өз жұмысын бастайды



МҮСАТ ИМАНҚҰЛОВ

1994 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданында дүниеге келген.

Бала кезінен поэзия десе, ішер асын жерге қоятын Мұсат, бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті физика-техникалық факультетінің 3-курс студенті.

Өзі өзге салада жүрсе де, көңілде ой, жүректе сезім ояғанда қолға қалам алып, сол ойды қағаз бетіне түсіретіні бар. Арманы, қай салада болса да, ең бастысы — шын көңілмен жұмыс жасап, үлкен жетістіктерге жетуді қалайды. Қай жерде жүрсе де, өлеңі сырлас досындай болып қала бермек. Ендеше, сол өлеңдерді оқып көрейік.

ҚОҢЫР КҮЗ...

Қоңыр күз, сен мені өзіңе еліктір,
Көп уақыт жүріппін сеніп бір.
Жанбырлы күнінде сенімнен
Бүкпесіз сырласқым келіп тұр.

Сен мені сездің бе қоймайсың,
Сырлы күз, осылай сен мені ойлайсың.
Мұңлысың бұл күні дәл мендей,
Токтаусыз төгіп бір жылайсың.

Терезе алдына отырдым,
Дәл мендей тағы да отыр кім?
Өзгеге айтпайтын жырымды,
Мен саған айтқалы отырмын.

Себебі, сен мені сезесің,
Үн қатпай жаңбырды төгесің.
Кей уақыт дауылды, ал кейде,
Шуақты жылуды бересің.

Соңғы кез суытып барасың,
Ешкіммен жоқ менің таласым.
Тек қана соқпасын дауылым,
Шуақпен тапсынышты жарасым,
Жүректің ашпасын жарасың.

Білесің, көптеген арманым,
Болмаса келмейді алдағым.
Әр күннен күтемін, әр уақыт,
Шаттықтың, бақыттың тандарын...

ЖАСТАРҒА

Сырлы дала, айлы түн, тұнық аспан,
Не сұрайсың қазағым, мына жастан.
Таң атпай тұра тұрсын дейді біреу,
Қандай жақсы іс күтеміз мұндай бастан.

Бір кісімен сырластым қай бір күні,
Ойланып отыр екен айлы түні.
Жас болса да көзден мен көре алмадым,
Тасып тұрған қуатты сол бір күні.

Жаныма жаймен басып өзі келді,
Мұң басым шығып жатқан соның демі.
Мына жастың көңілі неге бұлай,
Бар ма екен деп ойладым сонда емі.

Айтуынша, мақсаты біраз болған,
Көңілі армандарға көптеп толған.
Талпыныс, шегініс жоқ жүрсе-дағы,
Келмеді бұл жігіттің бір қолынан.

Себебі жол бұзатын жолаушылар,
Адамның мақсат, ойын тонаушылар.
Күле карап, жымып саған карап,
Құлаған уақытыңды санаушы бар!
Қандай ақыл айтайын, бұл досыма,
Мұндай жайттар болады өз басымда.
Мақсатқа жету үшін өтерсің сен,
Сондықтан тек, мойыма, еш жасыма.

Біраз жайтты ұғыншы, жас қыраным,
«Тек қана алға!» болсыншы сол ұраның.
Жолда шалып тұратын жандар болса,
Өз мақсатың болсын сол өз тұмарың.

Жалындап жанатын кез, ол — жастық шақ,
Қайта айналып келмейді осы бір сәт.
Дұрыс жолды таңдай біл, осы уақыт,
Келер сонда өзі-ақ басына бақ.

Үлкендердің сенері мына жастар,
Биікке жетудің бір жолын бастар.
Сенімді бірге ақтайық, көтерейік
Елімінің мәртебесін бірге, достар!

Қош, Астананың самалды желі.....
Кешегі уақыт ғашықтар еді,
Бір-бірін шексіз сүйетін бе еді.
Бірімен кеше сырластым сонда,
Ойланып отырып, ол былай деді:

Көңілге сонда бір сезім келді,
Жүрегім бір кез шынайы сенді.
Басталған ісің бітеді бір күн,
Көктемнің кетіп күзін де келді.

Суытып жатыр даламыз енді,
Көңілде бірге салқындап па еді.
Махаббат сонда болмады ма екен,
Табармыз бір кез біз үшін теңді.

Бір уақыт көңіл бәріне көнді,
Жылы сөздердің бәріне сенді.
Салқын ызғармен бірге кетуде,
Сол бір сезімде, міне, енді сөнді.

Енді сезгенім — сүйемейді мені,
Баста түскен сыз ақыры жеңді.
Еш өкініш жоқ, тек мен ойлаймын,
Дұрыс болмапты, сүйгенім сені.

Табылар білем жүректің емі,
Артық соқпайды көңілдің демі.
Осылай болуы керек те шығар,
Қош, Астананың самалды желі.....

АҚЫН ЕМЕСПІН....

Айлы түнімде өзіммен-өзімнен кенестім,
Қай бір сатыға жетеді екем белестің.
Көңілде сырым, жүректе ойлар болғанда,
Жыр жазамын, мен, бірақ, ақын емеспін.

Мына жалғанда бәрің де маған керексің,
Жеткізе алсам, шыңына өмір кемесің.
Көңілде көп сәт жиналса ойлар осылай,
Төгіп саламын, мен, бірақ, ақын емеспін.

Мендегі сансыз армандар көбін білмессің,
Жүзімде күлкі, көңілді айтсам сенбессің.
Қуанғаныммен, байқатпай жүрек мұнаар,
Жырлайды сонда, мен, бірақ, ақын емеспін.

Сүйемін шексіз, сүйеді екен демессің,
Қанша күткеніммен, сен маған бүгін елессің.
Өзіме өзім уәде беремін осы түн,
Арман шегіне жеткізем өмір кемесің.

Міне, осылай ансарымды мен өрбіттім,
Өлеңімменен, мен, бірақ, ақын емеспін!

КҮЙЗЕЛІСТІҢ БІР ЖЫРЫ...

Үйрене алмай келемін өмір заңына,
Үмітпен карап келемін атар таңыма.
Қорқыныш сезім көкейді тесіп тұрғанда,
Күш берер адам бар ма екен менің жаным.

Мінсіз күлкіні күлген адамға не жетсін,
Жаксы адамың өмірде бақытпен өтсін.
Иә, Аллаһ, сұрап өтейін сенен әр уақыт,
Барлық жамандық қасымнан менің тек кетсін!

Отырсың күн мен түнінде бақытты тілеп,
Бірақ, сендегі болып тұр бақытсыз жүрек.
Жаны ашитын жандарың қолдау көрсетер,
Көре алмай жүрген адамдар мұнда тек күлед.

Бере гөр, Аллаһ, жылы жүрекке көп сенім,
Күш, қуат жібер, тілеуші пенден мен келдім.
Кешегі күні құладым тұра алам ба?
Осылай бірде тіріліп, бір кезде, сөйтіп, мен өлдім!

Алдағы күнім онымен болсын тілерім,
Қабыл ал мына, пенденің сен де тілегін.
Осы бір өткел белестен өтсем, содан соң..
Барлық жандарға жақсылық жасап жүрермін!

САҒЫНДЫ СЕНІҢ ДАУСЫҢДЫ...

Сарғайып жатыр, жылымның бұл бір маусымы,
Күтуден бүгін, төзім де тағат таусылды.
Өмірге жаңа ой берер әсем үніңді,
Сағынды халқын, сағынды сенің даусыңды.

Ойлана карап жауапты сенен күтеді,
Ғажап дүние шығалы ғой деп сенеді.
Тыңдаушы жандар ойлайды мына бір сенің
Жеке кешіңді армандап күнде келеді.

Қоңыр даусыңмен толқындарыңда тербеді,
Оянтатындай аққуларың да көлдегі.
Қос махаббатыңда қуат алғандай әніңнен,
Айрылмай бірге сезіммен билеп келеді.

Жырға қос тағы сыр толы қоңыр күзіңді,
Жапырағың да сарғайып тұрып үзілді.
Шырақ түс, қане, даусыңды сенің күтеді,
Жүректен шыққан әндерден тағы үзілді.

Уақыт дегенің зымырап күнде өтуде,
Мақсатты көздеп, адамдар енбек етуде.
Шаршаған уақыт іздейді сырлы әуенді,
Айтпағым, бәрі жаңа әніңді күтуде...

Саған деген соңғы сезім мен сөзім!
Жылы сөз жанымды елітті,
Бұл өмір — барлығы ерікті.
Сол бір сәт мықты боп менен де,
Сол судың қызуы жеңітті.

Бір сезім жетпейді жаным,
Жолама, кете бер, тағы да.
Түсінбей отырмын өзім де,
Көркіне карап, сен, жаңылма.

Көңілі ақ болып тұр бірақ,
Байқамай қалдым өз алдымды.
Тартады бір белгің өзгені,
Сымбат пен сұлулық сөз бе еді!?

Пәк жүрек көрінер қарасаң,
Жиналар уақытын кез келді.
Қимаймын өзгемен көргенде,
Сыйлаймын, көңілің жеңген бе?

Байқатпай өткізсем болғаны,
Өзімді осы ұзын көлден де.
Аңсаймын тұнық бір аралды,
Есіме бар сезім оралды.

Қарасаң, өмірде адамзат,
Махаббат үшін тек жаралды.
Сендерге айтарым бағала,
Қолдағы сұлу сол маралды.

Жырлар көп жүректің түбінде,
Сырлар көп айтпайтын төрінде.
Мен сені сүйемін пәк, шексіз,
Байқадым тағы да, бүгінде.

Болды енді өзімді ойлайын,
Ұнатып, сүюді қойайын.
Жәй құсын жете алмас бұлбұлға,
Өзгермес заң деп мен санайын.
Мен сені жүректен мәңгіге,
Ұшырдым осы күн арайлым!!!

ТІЛІМ БАРДА...

Күлімдейді қай уақытта жанарын,
Дұрыс па екен, қайда жүріп барамын.
Көп уақыттар қуанамын себебі,
Тілім барда мен бақытты боламын.

Көңіліме көп нәрсені аламын,
Жел тұрарда жіберсінші самалын.
Байтақ елі, ана тілі бар болған,
Бақытты екен, сонысымен қазағым.

Тілімменен сенімен де сөйлесем,
Ана тілімен бәріменен тілдесем.
Осы тілдің арқасында мен талай,
Асулар мен белестен де өтемін.

Ана тілім, қуатымсың мендегі,
Шуақты мен сезінемін сендегі.
Жүрегімде толған сырмен бөлісем,
Өзге тілмен оны айтқым келмеді.

Ана тілім, мына маған бақ болдың,
Бар еліміңнің ұясына сен қондың.
Жырлағанда мына сені бар өзен,
Мұхитыңда болатындай бір толқын.

Сезім, егер махаббат болса менде,
Жүрегіме сол шырақ конса бірде.
Ана тілім сенімен тоқтамастан,
Өлеңімді шырақтаймын күнде, күнде.

Мұнайғанда сен маған күш бересің,
Қуанғанда нұрыңды көп төгесің.
Ана тілім, қиын кезде күш беретің,
Сөз табасың, себебі, мені сезесің.

Өзге тілдер саған тенеу болар ма,
Еркін сөйлеп көңіліміз толар ма.
Қазақ елім, сені алысқа жеткізер,
Бір ұрпағың шырақтай отыр соны алда.

Фотоэтиюд



Досжан БАЛАБЕКҰЛЫНЫҢ ФТОСОСЫ

Жалын-жастық! Атың шарлап әлемді, Шарықтасың, таба берсін жалғасын!

Қазан айының 31-і күні Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «1-курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауының қорытындысы шығарылып, марапаттау рәсімі мен гала-концерті өтті.

«Бәсекеге қабілетті маман боламын» деп, өзі қалаған мамандықты таңдап, университет табалдырығын жаңа аттаған жас жеткіншектердің арасынан «1-курс таланттарын» таңдау оңайға соқпады. Алғашқы жеті апталық сынақпен қатар келген біздің байқаудың іріктеу кезеңіне 450-ден астам бірінші курс студенттері қатысты. Іріктеу кезеңі Студенттер сарайында орналасқан «Жастар» рухани орталығында өтті. Байқаудан сүрінбей өткен алпысқа жуық студент гала-концертке жолдама алды.

Кеш «жүзден жүйрік, мыннан тұлпар» деп танылған жеңімпаздарды марапаттаумен басталды. Университет ректоры Ф. Мұтанов студенттерді өнердегі жетістіктерімен құттықтап, алдағы уақытта да сәттілік тіледі. Сонымен қатар, жеңімпаз студенттерді «Эстрадалық ән», «Халықтық би», «Заманауи би», «Музыкалық аспаптарда ойнау шеберлігі», «Актерлік шеберлік», «Жас ақын», «Дәстүрлі ән», «Ерекше жанр» номинациялары бойынша әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш. Жаманбалаева, оқу жұмысы жөніндегі проректор Д. Ахмед-Заки марапаттады.

Марапаттау рәсімінен кейін жүлдегер студенттердің қатысуымен концерт қойылды. Филология, әдебиеттану және

әлем тілдері факультетінің студенті Қонысбек Үмітхан «Көзіңнің мөлдірін-ай» халық әнін нақышына келтіріп орындаса, домбырашылардан құралған ансамбль Құрманғазының «Адай» күйін орындап көпшілік көңілінен шықты.

«1-курс таланттары» байқауы көптің көңілінде қалар ерекшеліктерге толы болды. Әсіресе, әртүрлі халық билерін билеп, бірден көзге түскен дарынды бишілер аз болмады. Оның ішінде журналистика факультетінің студенттері орындаған «Кадриль» биін ерекше айтуға болады.

Фестиваль аясында көптеген студенттеріміз аспапта ойнау шеберлігімен көзге түсті. Қобыз және скрипка аспаптарында халық әні «Ақбақайды» Экономика және жоғары бизнес мектебінің студенті Салтанат Мирхатова, химия және химиялық технология факультетінің студенті Мадина Талиева, халықаралық қатынастар факультетінің студенті Наргиз Шамекова орындады. Ал, байқауда өзінің актерлік шеберлігімен көзге түскен өнерпаздар филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенттері Айгерім Иноят, Аида Мырзабаева және журналистика факультетінің студенті Ұлдана Жиенқұл әр шығармадан алынған



үзінділерден сахналық көрініс қойды. Сондай-ақ, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Айгүл Есімбектің фортепианода сүйемелдеуімен «Ерекше жанр» номинациясы бойынша көзге түскен химия және химиялық технология факультетінің студенті Лимара Сүлейменованың және физика-техникалық факультетінің студенті Жандос Жұмаділ шырқаған «Биле ҚазҰУ» әніне көрермендердің қошеметі зор болды. Кеш барлық жиналған қауымға, соның ішінде талантты да дарынды 1-курс студенттеріне қуанышты көңіл-күй сыйлады.

«1-курс таланттары» байқауына қаты-

сып, өздерінің нағыз талантты жеңімпаз екендерін көрсеткен барлық бірінші курс студенттеріне және де оларды үнемі қолдап, қол ұшын беретін ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамына алғыс білдіреміз.

Биіктерге атың «1-курс таланттары» самғасын,

Шарықтандар, қанаттарың талмасын.
Жалын-жастық! Атың шарлап әлемді,
Шарықтасың, таба берсін жалғасын!

Шынар КАНАФЬЕВА,

Студенттер клубының жетекшісі



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактордың міндетін атқарушы: **Бейбіт МЕКЕЕВ**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. "Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №1383

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.